

Бұйрықтардың күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Төрағасының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 217-НҚ бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 540 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Келесі бұйрықтардың күші жойылсын:

1) Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті төрағасының м.а. "Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялардың ережелерін бекіту туралы" 2023 жылғы 26 қазандағы № 1-НҚ бұйрығы;

2) Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті төрағасының "Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялардың ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті төрағасының м.а. 2023 жылғы 26 қазандағы № 1-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 18 наурыздағы № 68-НҚ бұйрығы .

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

А. Жақанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК